

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парак)  
Синупрет®**

**Саудалық атауы**  
Синупрет®

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Жоқ

**Дәрілік түрі**  
Шәрбат, 100 мл

**Фармакотерапиялық тобы**

Респираторлық жүйе. Жөтел және суық тию аурулары кезінде қолданылатын препараттар. Экспекторанттар, жөтелді бәсеңдететін біріктірілімдерін қоспағанда. Қақырық түсіретін препараттар. Қақырық түсіретін препараттар біріктірілімі.

АТХ коды R05CA10

**Қолданылуы**

- тұтқыр сөліністің түзілуімен қоса жүретін жедел және созылмалы синуситтерде (этмоидиттер, фронтиттер, гаймориттер).

**Қолдануды бастағанға дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі**

***Қолдануға болмайтын жағдайлар***

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- 2 жасқа дейінгі балалар

**Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары**

Құрамында алкоголь болғандықтан, препаратты маскүнемдікке шалдыққандарға, сондай-ақ алкогольге тәуелділіктен емделген науқастарға қолдануға болмайды. Маскүнемдіктен, бауыр ауруынан және эпилепсиядан зардап шегетін пациенттер Синупрет® шәрбатында 8,0 % спирттің бар екендігін есте сақтауы тиіс. Асқазаны әлсіз немесе асқазанның белгілі бұзылуларымен пациенттер жағдайында осы дәрілік затты қабылдау кезінде сақтық шараларын сақтау қажет. Синупрет шәрбатын тамақтанудан кейін және стақан сумен қабылдаған дұрыс.

Егер дәрілік затты пайдалану кезінде симптомдар нашарласа, дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесу керек.

***Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі***

Басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі қазіргі уақытқа дейін белгісіз.

***Арнайы ескертулер***

Егер сіздің мұрыныңыздан қан кетсе, қызба, қатты ауырсыну, мұрыннан ірінді бөлінулер, көрудің бұзылуы, беттің ортаңғы бөлігінің немесе көздің асимметриясы немесе беттің ұйып қалуы болса, дәрігермен кеңесіңіз, өйткені бұл симптомдар, әдетте, риносинуситтің барлық түрлері үшін маңызды ескерту ретінде қарастырылады және дәрігер-маманның тексеруін және шұғыл емді талап етеді. Егер симптомдар 7-14 күннен артық сақталса, нашарласа немесе мезгіл-мезгіл қайталанса дәрігермен кеңесу қажет.

Гастрит расталған және асқазаны әлсіз пациенттер жағдайында осы дәрілік затты қабылдау кезінде ерекше сақтық сақтау керек. Синупрет® шәрбатын тамақтанудан кейін және бір стакан сумен қабылдаған дұрыс.

1 мл шәрбаттың құрамында 0,0629 мл спирт бар.

#### *Қант диабеті бар науқастар*

Аталған препарат құрамында мальтит ерітіндісі бар. Егер сізге қанттың белгілі бір түрлері жақпайтыны белгілі болса, препаратты қабылдар алдында дәрігермен кеңесіңіз.

7,0 мл шәрбат құрамында 5,5 г мальтит ерітіндісі бар, бұл шамамен 0,35 нан бірлігіне (НБ) сай келеді. Энергетикалық құндылығы мальтиттің 2,3 ккал/г құрайды. Мальтит аздап іш жүргізетін әсер беруі мүмкін.

#### *Педиатрияда қолдану*

2 жасқа дейінгі балаларда Синупрет шәрбатын қолдануға қатысты тиісті зерттеулер жүргізілген жоқ. Сондықтан препаратты 2 жасқа дейінгі балаларға тағайындамаған дұрыс.

#### *Жүктілік немесе лактация кезеңінде*

Синупрет® шәрбатын жүктілік кезеңінде емдеуші дәрігердің пайда және қауіп арақатынасын мұқият бағалағаннан ғана қолдануға болады.

Лактация (емшек емізу) кезеңінде қолдану тәжірибесінің жоқ болуына байланысты препаратты осы кезеңде қолдануға болмайды.

#### *Препараттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Препарат ұсынылған дозаларда көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

### **Қолдану бойынша ұсынымдар**

#### *Дозалау режимі*

Басқасы көрсетілмесе, Синупрет шәрбатын күніне үш рет жасына сәйкес дозада, төменде келтірілген кестеге сәйкес және қоса беріліп отырған өлшеуіш стаканның көмегімен қабылданады.

| Жасы                           | Бір реттік дозасы | Жалпы тәуліктік доза |
|--------------------------------|-------------------|----------------------|
| 2-ден 5 жасқа дейінгі балалар  | 2.1 мл            | 6.3 мл (3 x 2.1 мл)  |
| 6-тан 11 жасқа дейінгі балалар | 3.5 мл            | 10.5 мл (3 x 3.5 мл) |
| Ересектер және 12              | 7.0 мл            | 21.0 мл (3 x 7.0 мл) |

|                               |  |  |
|-------------------------------|--|--|
| жастан асқан<br>жасөспірімдер |  |  |
|-------------------------------|--|--|

Егер симптомдар 7-14 күннен артық сақталса немесе дәрілік затты пайдалану кезінде мезгіл-мезгіл қайталанса, дәрігермен кеңесу қажет.

### ***Енгізу әдісі және жолы***

Ішке қабылдау үшін.

### ***Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі***

Синупрет шәрбатын күніне 3 рет (таңертең, түсте және кешке), сұйылтылмаған түрде немесе судың аз мөлшерімен араластырып қабылдайды. Қажет болса, оны сұйықтықпен (алкогольсіз), бір стақан сумен қабылдауға болады. Синупрет шәрбатын тамақтану кезінде сусындармен немесе тамақтану арасында қабылдауға болады. Қолданар алдында шайқау керек.

### ***Емдеу ұзақтығы***

Емдеу курсы – 7-14 күн. Дәрігердің кеңесінсіз препаратты 14 күннен артық қабылдауға болмайды.

### ***Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар***

Бүгінгі күні артық дозалану жағдайлары туралы хабарланған жоқ.

*Симптомдары:* препаратты емдік дозасына қарағанда әлдеқайда жоғары дозада қабылдау асқазанның бұзылуына, құсу немесе диареяға әкелуі мүмкін.

*Емі:* препаратты қабылдауды тоқтату және симптоматикалық емді бастау қажет.

### **ДП стандарттымен қолданған кезде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда (қажет кезінде) қабылдауға тиісті шаралар**

Жағымсыз әсерлерді бағалау мына жиілік санаттары қолданылады:

Өте жиі ( $\geq 1 / 10$ )

Жиі ( $\geq 1 / 100, < 1/10$ )

Жиі емес ( $\geq 1 / 1000, < 1/100$ )

Сирек ( $\geq 1 / 10000, < 1/1000$ )

Өте сирек ( $< 1/10000$ )

Белгісіз (қолда бар деректер бойынша жиілігін бағалау мүмкін емес)

Асқазан-ішек шағымдары жиі емес (оның ішінде іштің ауыруы, жүректің айнуы).

Терінің аса жоғары сезімталдық реакциялары (тері бөртпесі, терінің қызаруы, қышыну сияқты) сирек кездеседі. Күрделі аллергиялық реакциялар (ангионевротикалық ісіну, ентігу, беттің ісінуі сияқты) пайда болуы мүмкін, жиілігі белгісіз.

Жағымсыз әсерлер пайда болған кезде (әсіресе аллергиялық/аса сезімталдық реакциялары) препарат қабылдауды тоқтату және дәрігерге қаралу керек.

**Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әрекеттер) бойынша ақпараттық дерекқорға тікелей жүгіну керек**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

### **Қосымша мәліметтер**

#### ***Дәрілік препараттың құрамы***

100 г шәрбат құрамында

#### ***белсенді заттар:***

10 г сулы-спирттен алынған:

|                                     |         |
|-------------------------------------|---------|
| шерменгүл тамырынан*                | 0.069 г |
| тостағаншасы бар наурызгүл гүлінен* | 0.207 г |
| қымыздық шөбінен*                   | 0.207 г |
| аюбадам гүлінен*                    | 0.207 г |
| нарқайсар шөбінен*                  | 0.207 г |

#### ***қосымша заттар:***

тазартылған су, сұйық мальтит, шие хош иістендіргіші.

\* - 59% (к/к) этил спиртінің экстрагенті

Ескерту: Препараттағы этил спиртінің құрамы шамамен 8 % (к/к).

#### ***Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы***

Шие иісі бар, ашық-қоңыр түсті мөлдір тұтқыр сұйықтық. Сақтау үдерісінде бұлыңғырлануы және аздап шөгінді түзілуі мүмкін.

#### ***Шығарылу түрі және қаптамасы***

100 мл препараттан жоғарғы жағында дозалаушы тамызғыш құрылғысы, алғаш ашылуы бақыланатын бұрап жабылатын қақпағы және өлшегіш қалпақшасы бар күңгірт шыны құтыда. Құтыға өздігінен желімденетін заттаңба жапсырылады.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге жиналмалы картон қорапшаға салынады.

#### ***Сақтау мерзімі***

4 жыл

Құтыны ашқаннан кейінгі қолдану кезеңі 6 ай

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

### ***Сақтау шарттары***

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептісіз

### **Өндіруші туралы мәліметтер**

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: [info@bionorica.de](mailto:info@bionorica.de)

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: [info@bionorica.de](mailto:info@bionorica.de)

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)**

«Бионорика КАЗ» ЖШС

050060 Алматы қ., Жароков к. 331, тел: 250-93-99

e-mail: [info@bionorica.kz](mailto:info@bionorica.kz)